

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕР МЕН БАЛАЛАР САУЫҚТЫРУ  
ЛАГЕРЬЛЕРІ ТӘЛІМГЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДА «ЖАЙДАРЛЫ ЖАЗ - 2014»  
ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ  
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**Астана қаласы**

**2014 жылғы 24 ақпан - 30 сәуір**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдайды және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық бағдарламалар, әдістер және технологияларды анықтау мақсатында жалпы білім беретін мектептер мен балалар сауықтыру лагерьлері тәлімгерлерінің арасында «Жайдарлы жаз - 2014» тақырыбында республикалық байқауды балаларға арналған [www.ziyatker.kz](http://www.ziyatker.kz) ғылыми-танымдық сайтта 2014 жылғы 24 ақпан - 30 сәуір аралығында қашықтықтан өткізеді.

Міндеттері:

білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, оны жетілдіруге ұмтылған педагог қызметкерлер мен шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету;

балалардың демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату;

балалардың демалысы мен сауықтыру жүйесіндегі инновациялық әлеуеттерін нығайту;

балалардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша бағдарламалық-әдістемелік деректер базасын қалыптастыру.

Республикалық байқауға түрлі үлгідегі жалпы білім беретін мектептер мен балалар сауықтыру лагерьлеріндегі тәлімгерлер қатысады.

Байқауға жалпы орта білім беру ұйымдары мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын қосымша білім беру жүйесінде пайдаланылатын **соңғы екі жыл ішінде** әзірленген бағдарламалық-әдістемелік материалдар ұсынылады.

Жалпы білім беретін мектептер мен балалар сауықтыру лагерьлері тәлімгерлерінің арасында «Жайдарлы жаз - 2014» тақырыбында республикалық байқауды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru).